

Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Республикалық басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтеру салааралық институтын Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институтына айналдыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 10 қаңтар N 49. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.11.11. N 1156 қаулысымен. ~P981156

Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау мен біліктілігін көтерудің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Республикалық басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтеру салааралық институты Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институтына (бұдан әрі - Институт) айналдырылсын.

2. Институтқа мыналар жүктелсін:
мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру; лауазымдар санаттары мен біліктілік сыныптары ескеріліп, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау мен біліктілігін көтерудің оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу;

республикада жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтерудің салааралық институттары мен курстарын үйлестіру және әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау мен біліктілігін көтеру мәселелері бойынша шет елдердің басқару органдарымен, оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу мекемелерімен, консультациялық фирмалармен, қоғамдық қорларымен және басқа да ұйымдарымен байланыстарды жүзеге асыру;

мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау мен біліктілігін көтеру жөнінде Қазақстан Республикасына шет елдер, халықаралық ұйымдар, қорлар және қаржы институттары көрсететін техникалық көмек бағдарламаларын үйлестіруге қатысу;

министрліктер, ведомстволар, облыстар, қалалар және аудандар әкімдерінің аппараттары, ассоциациялар және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер ұсынған шет елдерде мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және

біліктілігін көтеру жөніндегі жобаларды қарау;

мемлекеттік қызметшілерді дамыту мен тиімді пайдалану, олардың еңбегін бағалау, ықыласын ояту және ынталандыру, басқарудың жаңа машықтарын қалыптастыру мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;

мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру проблемалары бойынша республикалық және халықаралық конференциялар, мәжілістер, басқа да ғылыми-практикалық жиындар ұйымдастыру және өткізу;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеруді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды енгізу

3. Институттың қызметін қаржыландыру мыналардың есебінен жүзеге асырылады:

мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеруге арналған республикалық бюджет қаржысы;

институттың оқу, консалтинг, ғылыми-зерттеу және баспа қызметтеріндегі өз табыстарынан.

4. "Қазақстан Республикасы халқы тұрмысының әлеуметтік жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президентінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 2692 Жарлығына сәйкес институтқа құрылым оңтайландыру, штатты және тарифтік разрядтар бойынша ставкалар ретке келтіру есебінен қызметкерлердің еңбекақы деңгейін 1996 жылдың ішінде орташа есеппен 2 есе көбейту қамтамасыз етілсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі жанындағы Республикалық басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтеру салааралық институттың материалдық-техникалық базасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институтына белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде берсін.

6. Институттың қызметіне жалпы басшылық жасау Қазақстан

Республикасының Аппаратына жүктелсін.

7. Институттың ректорын Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тағайындайды деп белгіленсін.

8. Институттың ректоры Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институты туралы Ережені екі ай мерзімде әзірлеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдері қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 10 қаңтардағы

№ 49 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші
жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Республикалық басшы қызметкерлер мен мамандардың білігін көтерудің салааралық институтын ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Советінің 1989 жылғы 2 наурыздағы № 81 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1989 ж., № 19, 40-бап) қаулысы.

2. "Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Басшы қызметкерлер мен қызметшілердің білігін көтеру республикалық салааралық институтының атауын өзгерту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 7 наурыздағы № 160 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1991 ж., № 8, 61-бап);

3. "Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 наурыздағы № 200 Р930200_ қаулысының 6 тармағы (Қазақстан Республикасы ПҮАЖ-ы, 1993 ж., № 14, 169-бап).

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтеретін республикалық салааралық институттың мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 желтоқсандағы № 1236 Р931236_ қаулысы (Қазақстан Республикасы, 1993 ж., № 48, 586-бап).